Әділет

# Кеден өкілінің мемлекеттік кірістер органдарына есептілікті, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, ұсыну қағидасын, Бажсыз сауда дүкеніне тауарлар түсуінің және оларды осы дүкенде өткізудің есебін жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдарына мұндай тауарлар туралы есептілікті ұсыну қағидасын және кедендік аумақта (аумақтан тыс) және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу кедендік рәсімін қолдану туралы есептердің нысандарын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 наурыздағы № 168 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 15 сәуірде № 10723 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 13 ақпандағы № 173 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 13.02.2018 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексінің 30, 58, 353, 364 және 377-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Кеден өкілінің мемлекеттік кірістер органдарына есептілікті, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып ұсыну қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Бажсыз сауда дүкеніне тауарлар түсуінің және оларды осы дүкенде өткізудің есебін жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдарына мұндай тауарлар туралы есептілікті ұсыну қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Кедендік аумақта қайта өңдеу кедендік рәсімін қолдану туралы есептің нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу кедендік рәсімін қолдану туралы есептің нысаны;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу кедендік рәсімін қолдану туралы есептің нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 11 наурыздағы
№ 168 бұйрығына
1-қосымша

## Кеден өкілінің мемлекеттік кірістер органдарына есептілікті, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып ұсыну қағидалары

1. Осы Қағида "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 30-бабына сәйкес әзірленді және кеден өкілінің мемлекеттік кірістер органдарына кедендік операциялар туралы есептілікті, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Кеден өкілі тоқсан сайын, есептіден кейінгі айдың оны күнінен кешіктірмей кедендік тазартуды жүзеге асырған мемлекеттік кірістер органына осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған есепті кезең ішіндегі кедендік операциялар туралы есепті қағаз тасымалдағышында және Excel форматында электронды түрде ұсынады.

3. Қағаз тасымалдағышындағы кедендік операциялар туралы есепке бас бухгалтер, кеден өкілінің басшысы қол қояды және оның мөрімен куәландырылады.

Кеден өкілінің мемлекеттік
кірістер органдарына есептілікті,
оның ішінде ақпараттық
технологияларды пайдалана отырып
ұсыну қағидаларына қосымша

Нысан

## Кедендік операциялар туралы есеп

Кеден өкілінің атауы________________________________________________
БСН____________________________________________________________
___
Заңды мекен-жайы____________________________________________________
___
Іс жүзіндегі мекен-жайы_______________________________________________
_
Кеден өкілінің тізіліміне енгізу туралы
бұйрықтың күні және нөмірі 20___ жылғы "___"______№ _________________

| I. Заңды тұлғаның штатында тұрған кедендік декларациялау жөніндегі мамандар туралы мәліметтер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Т.А.Ә. | Жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі және күні | КДМБА* нөмірі | КДМБА берілген күні | КДМБА аяқталған күні | КДМБА берген аумақтық мемлекеттік кірістер органы |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

| II. Кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуін ұсыну бойынша мәліметтер | | | |
|---|---|---|---|
| Қамтамасыз ету тәсілі | Әрекеттің басталуы | Аяқталған күні | Қамтамасыз ету карточкасының нөмірі |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

| III. Сақтандыру шартының әрекет ету кезеңінде болған сақтандыру жағдайлары туралы мәліметтер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Сақтандыру шартының нөмірі | Сақтандыру шартының жасалған күні (әрекет ету кезеңі) | Сақтандыру ұйымының атауы | Сақтандыру жағдайының болған күні | Сақтандыру жағдайының болған себебі | Сақтандыру төлемінің мөлшері |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

| IV. Банктік шоттар туралы мәліметтер | | | |
|---|---|---|---|
| Банктің атауы | Шоттың нөмірі | Ашылған күні | Жабылған күні |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

| V. Кедендік операциялар туралы мәліметтер | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қорғау жапсырмасының коды | Кедендік рәсімнің коды (жолдама) | КД** жалпы саны | Статистикалық құн (АҚШ доллары) | Есептелді, мың теңге | | | |
| | | | | Кедендік алымдар | Кедендік баж | Акциз | ҚҚС |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

| Кедендік құн түзетуімен КД саны | Статистикалық құн (АҚШ доллары) | Түзетудің себебі | Жойылған КД саны | УКД*** саны |
|---|---|---|---|---|

| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| VI. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы мәліметтер | | | |
|---|---|---|---|
| ӘҚбК**** сәйкес баптың нөмірі | Құқық бұзушылықтың фабуласы | Құқық бұзушылық жасаған тұлға | Ескертпе |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

Заңды тұлғаның басшысы ___________________

Қолы ___________________

Есептілік жасалған күн __________________________________________

МО

Ескертпе:

Шартты түрде шығарылатыны бар кедендік декларациялар, "шығаруға рұқсат етіледі" деген мәртебені алғаннан кейін көрсетіледі.

* КДМБА – кедендік декларациялау жөніндегі маманның біліктілік аттестаты .

** КД – кедендік декларация.

*** УКД – уақытша кедендік декларация.

**** "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 11 наурыздағы
№ 168 бұйрығына
2-қосымша

# Бажсыз сауда дүкеніне тауарлар түсуінің және оларды осы дүкенде өткізудің есебін жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдарына мұндай тауарлар туралы есептілікті ұсыну қағидалары

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағида "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 58-бабына сәйкес әзірленді және Бажсыз сауда дүкеніне тауарлар түсуінің және оларды осы дүкенде өткізудің есебін жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдарына мұндай тауарлар туралы есептілікті ұсыну тәртібін айқындайды.

## 2. Тауарлар туралы есепті жүргізу және есептілікті ұсыну

2. Бажсыз сауда дүкеніне түскен және оларды осы дүкенде өткізілген тауарлар есебін жүргізуге жатады.

3. Бажсыз сауда дүкендерінің иелері бажсыз сауда дүкеніне түскен тауарлардың есебін осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электронды журналдарда есебін жүргізеді және ай сайын мемлекеттік кірістер органдарына осындай тауарлар туралы есептілікті береді.

Бажсыз сауда дүкендерінің иелері бажсыз сауда дүкенінде өткізілген тауарлардың есебін осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электронды журналдарда есебін жүргізеді және ай сайын мемлекеттік кірістер органдарына осындай тауарлар туралы есептілікті береді.

4. Есептің электронды журналы Excel форматында жүргізіледі.

Әрбір келесі жылдың бірінші қаңтарынан бастап есептің электронды журналының нөмірі бірден басталады.

5. Есептілік ай сайын бажсыз сауда дүкені иелерінің қолы қойылып және оның мөрімен куәландырылып, қағаз тасымалдағышында және Excel форматында электронды түрде есепті кезеңнен кейінгі айдың оны күнінен кешіктірмей ұсынылады.

6. Бажсыз сауда дүкенінің иелері мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасына есептің электронды журналына қолжетімділікті береді және олардың талап етуі бойынша мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасына оны береді.

Бажсыз сауда дүкеніне тауарлар
түсуінің және оларды осы дүкенде
өткізудің есебін жүргізу, сондай-ақ
мемлекеттік кірістер органдарына
мұндай тауарлар туралы есептілікті
ұсыну қағидаларына 1-қосымша

Нысан

## Бажсыз сауда дүкеніне түскен тауарлардың есеп журналы

| р/с № | Бажсыз сауда дүкеніне тауарлар орналастырылған күн | ЭТД /ТД № | Тауарлардың атауы | СЭҚ ТН бойынша тауардың коды | Тауарлардың саны | Есепті кезең басындағы тауарлардың қалдығы | Есепті кезең соңындағы тауарлардың қалдығы | Өлшем бірлігі граммен 7, 8, 9 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

Ескертпе:

*ТЭД – тауарға арналған электронды декларация

**ТД – тауарға арналған декларация

***СЭҚ ТН – сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы

Бажсыз сауда дүкеніне тауарлар түсуінің және оларды осы дүкенде өткізудің есебін жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдарына мұндай тауарлар туралы есептілікті ұсыну қағидаларына 2-қосымша

Нысан

# Бажсыз сауда дүкенінде өткізілген тауарлардың есеп журналы

| р/с № | ЭТД /ТД № | Тауарлардың атауы | СЭҚ ТН бойынша тауардың коды | Тауарлардың саны | Өлшем бірлігі граммен 5 | Отырғызу билетінің нөмірі /ҚР СІМ тұлғаның аккредитацияланғанын растайтын құжаттың нөмірі | Кететін тұлғаның межелі елі / дипломатикалық өкілдіктің атауы | Бақылау чегі туралы мәлімет | | Ба са ке ра ая Т не |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | Чека нөмірі | Чектің датасы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |

Ескертпе:

*ТЭД – тауарға арналған электронды декларация

**ТД – тауарға арналған декларация

***СЭҚ ТН – сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 наурыздағы № 168 бұйрығына 3-қосымша

Нысан

# Кедендік аумақта қайта өңдеу кедендік рәсімін қолдану туралы есеп

| Қайта өңдеу үшін әкелінген тауарлар | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| р/с № | ЭТД /ТД № | Қайта өңдеу шарттары туралы құжаттың № | Тауардың атауы | СЭҚ ТН бойынша коды | Мөлшері және өлшем бірлігі | | Әкетілген тауарлардың кедендік құны | | Кедендік аумақта қайта өңд кедендік рәсімінің әрекеті аяқтау | | | |
| | | | | | І с жүзінде | Келісім-шарт бойынша | Келісім-шарт бойынша | І с жүзінде | Кедендік рәсімнің коды | Төленген төлемде мен салықтар | | |
| | | | | | | | | | | ҚҚС | Кедендік баж | Акі |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |

| Қайта өңдеу өнімдері, ұсақ қалдықтар және тауарлардың қалдықтары | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

| р/с № | ЭТД /ТД № | Қайта өңдеу шарттары туралы құжаттың № | Тауардың атауы | Тауардың санаты ( қайта өңдеу өнімдері, немесе ұсақ қалдықтар немесе қалдықтар ) | СЭҚ ТН бойынша коды | Мөлшері және өлшем бірлігі | | Кедендік құны | | Кедендік аумақта қайта өңдеу кедендік рәсімінің аяқтау | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | І с жүзінде | Шығу нормасы бойынша | І с жүзінде | Келісім-шарт бойынша | Кедендік рәсімнің коды | Төленген т мен салықта | |
| | | | | | | | | | | | ҚҚС | Кеден баж |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |

Ескертпе: Кедендік аумақта қайта өңдеу кедендік рәсімін қолдану туралы есеп қағаз тасымалдағышында және Excel форматында электронды түрде немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің порталында электронды түрде, тауарларды қайта өңдеуді жүзеге асырған ұйым басшысының немесе бас бухгалтерінің электрондың цифрлық қолымен куәландылырып ұсынылады. Қағаз тасымалдағышындағы есеп тауарларды қайта өңдеуді жүзеге асырған ұйым басшысының немесе бас бухгалтері қол қояды және оның мөрімен куәландырылады (ол болған жағдайда).

*ТЭД – тауарға арналған электронды декларация, **ТД – тауарға арналған декларация, ***СЭҚ ТН – сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 11 наурыздағы
№ 168 бұйрығына
4-қосымша

Нысан

## Кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу кедендік рәсімін қолдану туралы есеп

| Қайта өңдеу үшін әкетінген тауарлар | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| р/с № | ЭТД/ ТД № | Қайта өңдеу шарттары туралы құжаттың № | Тауардың атауы | Тауардың мәртебесі | СЭҚ ТН бойынша коды | Мөлшері және өлшем бірлігі | | Әкетілген тауарлардың кедендік құны | |
| | | | | | | І с жүзінде | Келісім-шарт бойынша | Келісім-шарт бойынша | І с жүзінде |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

| Қайта өңдеу өнімдері, ұсақ қалдықтар және тауарлардың қалдықтары | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Тауардың санаты ( қайта өңдеу | | Мөлшері және өлшем бірлігі | | Кедендік құны | | | Төленген т мен салықта | |
| | | | | | | | | | | | | |

| р/с № | ЭТД /ТД № | Қайта өңдеу шарттары туралы құжаттың № | Тауардың атауы | өнімдері, немесе ұсақ қалдықтар немесе қалдықтар) | СЭҚ ТН бойынша коды | І с жүзінде | Шығу нормасы бойынша | І с жүзінде | Келісім-шарт бойынша | Кедендік рәсімнің коды | ҚҚС | Кеден баж |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |

Ескертпе: Кедендік аумақтан тыс қайта өңдеу кедендік рәсімін қолдану туралы есеп қағаз тасымалдағышында және Excel форматында электронды түрде немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің порталында электронды түрде, тауарларды қайта өңдеуді жүзеге асырған ұйым басшысының немесе бас бухгалтерінің электрондың цифрлық қолымен куәландылырып ұсынылады. Қағаз тасымалдағышындағы есеп тауарларды қайта өңдеуді жүзеге асырған ұйым басшысының немесе бас бухгалтері қол қояды және оның мөрімен куәландырылады (ол болған жағдайда).

*ТЭД – тауарға арналған электронды декларация, **ТД – тауарға арналған декларация, ***СЭҚ ТН – сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 11 наурыздағы
№ 168 бұйрығына
5-қосымша

Нысан

# Ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу кедендік рәсімін қолдану туралы есеп

| Қайта өңдеу үшін әкелінген тауарлар | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| р/с № | ЭТД/ТД № | Қайта өңдеу шарттары туралы құжаттың № | Тауардың атауы | Тауардың мәртебесі | СЭҚ ТН бойынша коды | Мөлшері және өлшем бірлігі | | Кедендік құны | |
| | | | | | | І с жүзінде | Келісім-шарт бойынша | Келісім-шарт бойынша | І с жүзінде |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

| Қайта өңдеу өнімдері, ұсақ қалдықтар және тауарлардың қалдықтары | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| р/ | ЭТД | Қайта өңдеу шарттары туралы | | Тауардың санаты (қайта өңдеу өнімдері, немесе ұсақ қалдықтар немесе | СЭҚ ТН | Мөлшері және өлшем бірлігі | | Кедендік құны | | Кедендік | Төленген т мен салықт | |
| | | | | | | І с жүзінде | Шығу нормасы бойынша | І с жүзінде | Келісім-шарт бойынша | | ҚҚС | |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| с № | /ТД № | құжаттың № | Тауардың атауы | қалдықтар ) | бойынша коды | | | | | рәсімнің коды | | Кеден баж |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |

Ескертпе: Ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу кедендік рәсімін қолдану туралы есеп қағаз тасымалдағышында және Excel форматында электронды түрде немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің порталында электронды түрде, тауарларды қайта өңдеуді жүзеге асырған ұйым басшысының немесе бас бухгалтерінің электрондың цифрлық қолымен куәландылырып ұсынылады. Қағаз тасымалдағышындағы есеп тауарларды қайта өңдеуді жүзеге асырған ұйым басшысының немесе бас бухгалтері қол қояды және оның мөрімен куәландырылады (ол болған жағдайда).

*ТЭД – тауарға арналған электронды декларация, **ТД – тауарға арналған декларация, ***СЭҚ ТН – сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК